

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 шілдедегі N 1121

Бюджеттік мекемелердің тұтынған электр энергиясы үшін берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Энергопроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің республикалық бюджетке республикаішілік өзара борыштар есептемесінің нәтижесі бойынша берілген несие бойынша 19 267 000 (он тоғыз миллион екі жүз алпыс жеті мың) теңге сомасындағы берешегіне есептеме жүргізісін.

Аталған сома қосымшаға сәйкес республикалық бюджетте ұсталатын және "Жамбыл электр желісін тарату компаниясы" акционерлік қоғамына тұтынған электр энергиясы үшін берешегі бар мекемелерді қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. "Жамбыл электр желісін тарату компаниясы" акционерлік қоғамы өзіне бюджеттік мекемелердің берешегін осы қаулымен айқындалған сомада жүргізілетін есептеме шеңберінде "Жамбыл электр желісін тарату компаниясы" акционерлік қоғамының көрсеткен қызметтері үшін "Энергопроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берешегін

өтеуі есебіне өтесін.

3. Берешекке есептеме аталған соманы 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып, ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 17 шілдедегі
N 1121 қаулысына
қосымша

Тұтынылған электр энергиясы үшін "Жамбыл электр желісін тарату компаниясы" акционерлік қоғамының алдында есептемеге қабылданатын берешегі бар

ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

мың теңге

Ұйымдар		Есептемеге қабылданатын сома
Білім және мәдениет министрлігі		6822
Қорғаныс министрлігі		8325
Мемлекеттік тергеу комитеті		4120
Жиыны		19267